



Біз- өмірдің гүліміз

«Бала – жүректің миуасы» деп қарайтын біздің қазақ халқы балаға болашағым, деп игі зор үміт артады. Олай болатын себебі, бала – отбасының басты қазынасы, тірлік тірегі. Балалық үйдің еңсесі биік. Өйткені бала – бақыт, бала қуаныш, бала – өмірдің гүлі. Ал, болашағымызды қорғау баршамыздың міндетіміз.

Жаздың бірінші айының бірінші күні балаларды қорғау күні. Осы мерекеге орай №2 облыстық ғылыми амбебап кітапханасының балалар бөлімінің ұйымдастыруымен «Біз өмірдің гүліміз» атты мерекелік іс-шара болып өтті. Кітапхана басшысы Алма Жақсылыққызы балалар мен ата-аналарын құттықтады. Осы мерекеге арнап бар өнерлерін көрсеткен қаламыздағы «Алпамыс», «Золотой ключик», «Раушан», «Ақбота» балабақшасының бүлдіршіндеріне жиналған жұрт сүйсіне қол соқты. Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала болар ма?, - дегендей

кітапханамыздың тұрақты оқырмандары би билеп, Гауһар Мырзағалиеваның сипілісімен қосылып айтқан әні мерекені қыздыра түсті. Осы іс-шараға белсене қатысқан балалар мақтау қағаздарымен марапатталса, осындай өнерлі де, талантты бала тәрбиелеп жүрген тәрбиешілер кітапхана басшылығының алтын хатына ие болды. Сонымен қатар, Тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай сәуір айында өткізілген «Сөз күдіреті» байқауының қорытындысы нәтижесінде №6 және №4 мектеп оқушыларына осы мереке қарсаңында марапаттар мен сыйлықтар табысталды.

Өмірде бала күлкісіндей мәлдір, бала қуанышындай таза еш нәрсе жоқ. Ендеше өмірдің гүлі балаларымызға әр мерекеде қуаныш сыйлай білейік.

Сәуле АЛМАТОВА,
№2 облыстық ғылыми амбебап кітапханасының балалар бөлімінің кітапханашысы.